

ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТКІЗУШІМЕН ЖАСАЛҒАН ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ШАРТЫ

Төлем ұйымы «QIWI Kazakhstan» (КИВИ Қазақстан) ЖШС мен Қызметтерді жеткізушінің арасындағы Қызметтерді жеткізушімен жасалған осы Төлем қызметтерін көрсету шарты (бұдан әрі мәтін бойынша Шарт) стандартты жалпы ережелерден және төлем қызметтерін көрсету бойынша бірыңғай талаптардан құралады және Тараптардың стандартты құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

Шарттың Тараптары Төлем ұйымы және Қызметтерді жеткізуші болып табылады. Осы Шартқа қосылу туралы мәлімдеген заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер, егер аталған тұлға ҚР Азаматтық кодексінің 389 б. Сәйкес осы Шарттың талаптарын қабылдаса, осы Шартқа Қосылу шартына қол қою арқылы Қызметтерді жеткізуші бола алады.

Әр Тарап екінші Тарапқа қажетті құқықтық қабілеттілігі, сол сияқты осы Шартқа қосылу және міндеттемелерді олардың талаптарына сай орындау үшін қажетті және жеткілікті барлық құқықтары мен өкілеттіктерінің бар екеніне кепілдік береді.

1. Төлем ұйымы туралы ақпарат

- 1.1. Төлем ұйымы болып төлем ұйымдары тізілімінде 02-17-004 төлем қызметтері тіркеу нөмірімен тіркелген «QIWI Kazakhstan» (КИВИ Қазақстан) ЖШС табылады.
- 1.2. Пошталық және заңды мекенжайы: 050059, Алматы қ., Панфилов көш., 212-үй.
Вебсайты: <http://www.qiwi.kz>.
- 1.3. Телефон нөмірі: 8 (727) 356-12-12. Электрондық поштасы: info@qiwi.kz



- 1.4. Тауар белгілері, логотиптер және басқа да символика:

1. Осы Шартта қолданылатын терминдер және анықтамалар

- 1.1. **Төлем ұйымы** – «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңына сәйкес төлем қызметтерін көрсету бойынша қызметті жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын «QIWI Kazakhstan» (КИВИ Қазақстан) ЖШС.
- 1.2. **Қызметтерді жеткізуші немесе Қызметтерді көрсетуші** – тұтынушыларға Қызметтерді ұсынатын немесе Тауарларды өз атынан сататын коммерциялық ұйым, жеке кәсіпкер, сондай-ақ қайырымдылық қызметін жүзеге асыру үшін құрылған қайырымдылық ұйымы. Көрсетілетін қызметтердің маркасы және түрі Қосылу шартында көрсетіледі.
- 1.3. **Клиент** – Қызметтерді жеткізушімен Қызметтерді көрсету туралы клиенттік шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға.
- 1.4. **Клиенттік шарт** – Клиент пен Қызметтерді жеткізушінің арасында жасалған, қызметтерді көрсету шарты (ауызша, жазбаша).
- 1.5. **Қызметтер** – Қызметтерді жеткізушінің Клиенттің шарттың негізінде Клиентке көрсететін, Қызметтерді жеткізуші тізбесін Қосылу шартында көрсететін қызметтері.

- 1.6. **Төлем** – көрсетілетін Қызметтер үшін Жеткізушінің пайдасына Төлеушінің төлейтін ақша қаражаттары.
- 1.7. **Төлеуші** – Клиенттің атынан Төлемді салатын кез келген тұлға.
- 1.8. **Клиенттің дербес шоты** – бір ортақ Клиентпен жасалған Клиенттік шарт бойынша Қызмет көрсетумен байланысты операцияларды Қызметтерді жеткізуші ескеретін Қызметтерді жеткізушінің талдамалы шоты.
- 1.9. **Төлемдерді қабылдау орны** – Төлем ұйымы, соның ішінде өзінің Төлем агенттері және/немесе қосалқы агенттері арқылы pos-терминалдарды (специализированных кассовых устройств типа Point Of Sale типті мамандандырылған кассалық құрылғыларды), өзіне өзі қызмет көрсету автоматтарын (төлемдерді қабылдайтын мамандандырылған автоматтарды) пайдаланып төлемдерді қабылдауды жүзеге асыратын аумақ, сондай-ақ Төлем ұйымы мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы пайдаланып, төлемдерді қабылдауды жүзеге асыратын Интернет желісінің кеңістік аймағы.
- 1.10. **Төлемдерді қабылдау кезеңі** – басталуы Төлеушіден Төлемді жүзеге асыру ұсынысы келіп түскен сәтпен, ал аяқталуы Төлеушінің Төлемнің жасалған туралы растаманы алуымен анықталатын уақыт кезеңі.
- 1.11. **Абоненттік төлем** – тиісті элементті (батырманы) орналастыру арқылы QIWI-терминалда көрсетілуі үшін ақы.
- 1.12. **Қолданыстағы заңнама** - референдумда не уәкілетті мемлекеттік орган немесе мемлекеттің лауазымды адамы белгіленген тәртіппен қабылдаған нормативтік құқықтық актілер жиынтығынан тұратын Қазақстан Республикасының заңнамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы белгіленген тәртіппен ратификациялаған халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

2. Шарттың мәні. Жалпы ережелер

- 2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Төлем ұйымы Төлемдерді жүзеге асыру үшін Төлеушілерден ақшаны Қызметтерді жеткізушінің деректемелеріне аударып, қабылдау бойынша төлем қызметтерін көрсетеді, ал Қызметтерді жеткізуші Төлем ұйымына Қосылу шартында көзделген сыйақыны төлеугеміндеттенеді.

3. Төлем ұйымының құқықтары және міндеттері

- 3.1. Төлем ұйымы қолданыстағы агенттік желі арқылы Қызметтердің жеткізушінің атынан жарамды Клиенттің шарттарды орындау үшін Төлеушілерден Төлемдерді қабылдауға міндетті.
- 3.2. Төлем ұйымы келесі талаптарға сай қолма қол төлемдерді ғана қабылдауды ұйымдастыруға міндетті:
 - Төлемді салу кезінде Төлеуші Клиентті немесе Қызметтерді жеткізушідегі Клиенттің Дербес шотын бірмағыналы сәйкестендіруге, мысалға, Клиенттің телефон нөмірін, шарттың нөмірін немесе дербес шотының нөмірін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ақпарат көрсетіледі. Нақты Қызмет түрлері үшін Төлемді салу кезінде хабарланатын нақты мәліметтер тізбесін Қызметтерді жеткізуші белгілейді;
 - Төлем Қазақстан Республикасының валютасымен – теңгемен жасалады;
 - Төлем жасалған соң, төлемдерді өзіне өзі қызмет көрсету автоматтары арқылы қабылдауды қоспағанда, Шартқа № 2 Қосымшаға сәйкес Төлеуші құжатқа («алдын ала чекке») қол қояды. Өзіне өзі қызмет көрсету автоматтарын пайдалану кезінде Төлеуші автоматты бағдарламалық кешенінде қолтаңбаның баламасын генерациялайды. Төлемұйымы берілетін чектің мәтініне қосымша ақпарат енгізуге құқылы.
- 3.3. Төлем ұйымы қолданыстағы агенттік желі арқылы осы Шарттың 3.2. т. көрсетілген шектеулерді әр Төлеушіге жеткізуге, сондай-ақ Төлеушіге Төлемді қабылдау үшін қажетті деректердің дұрыс көрсетілуі үшін жауапкершілік туралы хабарлауға міндетті.
- 3.4. Төлем ұйымы Қызметтерді жеткізушіге әрбір қабылданған Төлем туралы деректерді Қызметтерді жеткізушінің Клиенттің Дербес шотына тиісті өзгертулерді енгізуін қамтамасыз ететін техникалық құралдарды пайдалана отырып, беруге міндетті. Өзгертулер Төлеуші көрсететін деректердің негізінде, қатесіз және бұрмалаусыз енгізілуі керек. Төлемдерді қабылдауды ұйымдастыру процедурасы және Қызметтерді жеткізушінің техникалық құралдарын пайдалану тәртібі осы Шартқа қосымшалармен регламенттеледі.
- 3.5. Төлемді қабылдаған және Клиенттің Дербес шотына тиісті өзгертулерді енгізген соң Төлем ұйымы:
 - POS терминал арқылы төлеген жағдайда Төлеушіге алдын ала чектің бір данасын беруге;
 - Төлеушіге төлемнің қашықтағы терминал немесе өзіне өзі қызмет көрсету автоматы арқылы қабылданғанын растайтын чек беруге міндетті.
- 3.6. Егер Төлеуші Төлем ұйымына қызмет көрсету арналарының қашықтағы бағдарламалық интерфейсі пайдаланған болса, Төлем ұйымы Төлеушіге қабылданған төлемнің электрондық

- растамасын жіберуге құқылы.
- 3.7. Төлем ұйымының Төлеушісі Төлемді салған сәттен бастап, Клиенттің Қызметтерді жеткізушінің алдындағы Клиенттік шарт бойынша Қызметтерді төлеуге қатысты міндеттемелері орындалған болып саналады, ал Қызметтерді жеткізушіде Клиенттік шарт бойынша Клиенттік қызметтерді көрсету міндеттемесі пайда болады. Пайдасына Төлем жасалған Қызметтерді жеткізушінің ақшасы есепке алынған соң Төлем аяқталған болып саналады.
 - 3.8. Төлем ұйымының Қызметтерді жеткізушінің атынан Төлемдерді қабылдау бойынша өкілеттіктері тоқтаған (уақытша тоқтатылған) жағдайда Төлем ұйымы Төлемдерді қабылдауды дерек тоқтатуға міндетті.
 - 3.9. Төлем ұйымы Төлемдерді жеткізушінің пайдасына Төлемдерді қабылдау туралы ақпаратты Төлемдерді қабылдайтын тиісті орындарда және Төлем ұйымының Төлеушілерден төлемдерді қабылдау үшін пайдаланатын интернет-сайттарында орналастыруға құқылы.
 - 3.10. Төлем ұйымы Қызметтерді жеткізушіге күнделікті есепті (электрондық түрде, деректерді жіберудің техникалық құралдарын пайдалана отырып) Төлемді қабылдаған күннен кейінгі жұмыс күнінің сағат 11 кешіктірмей ұсынуға міндетті. Есеп Шартқа № 1 Қосымшаға сәйкес толық күнтізбелік күн ішінде (Астана қ. уақыты бойынша 00:00:00 бастап 23:59:59 дейін) Қабылданған төлемдер тізілімі түрінде жасалу керек.
 - 3.11. Төлем ұйымы өз есеп айырысу шотынан Қызметтерді жеткізушінің есеп айырысу шотына жүргізілген операциялар туралы есепке сәйкес Төлеушілерден қабылданған төлемдерді өз сыйақы сомасын шегере отырып, Қосылу шартында бекітілген күннен кешіктірмей аударуға міндетті. Төлем ұйымының Қызметтерді жеткізушінің алдындағы ақшалай міндеттемесі ақша Қызметтерді жеткізушінің банк шотына түскен сәтте орындалған болып есептеледі.
 - 3.12. Төлем ұйымы Қызметтердің жеткізушінің шотына аударуға жатпайтын сомаларды қателесіп есепке жазған жағдайда Төлем ұйымының Қызметтерді жеткізушіге келесі аударымдар сомасын қайта есептеуге құқығы бар. Қайта есептеу жасалуы мүмкін болмаған жағдайда Төлем ұйымы Қызметтерді жеткізушіге Жеткізушінің 3 (Үш) банктік күннің ішінде Қызметтердің жеткізушінің шотына қателесіп есепке алынған сомаларды Төлем ұйымына қайтаруға міндеттенуіне негіз болатын хабарлама жібереді.
 - 3.13. Төлем ұйымы есепті айдан кейінгі айдың 5 (Бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей Қосылу шартында көрсетілген Қызметтерді жеткізушінің электрондық мекенжайына Шартқа № 3 Қосымшаға сәйкес Орындалған жұмыстарды (қызметтерді) салыстыру актісін, Қосу үшін біржолғы төлем сомасына Орындалған жұмыстар актісін, Төлем ұйымына есепті айдың ішінде төленуге тиіс абоненттік төлем және сыйақы сомасын жібереді. Қызметтерді жеткізуші Актілерді алған күннен кейінгі 3 (Үш) жұмыс күннің ішінде Төлем ұйымының екі данасына қол қоюға және қағаз түрінде ұсынуға, немесе өзінің уәжделген қарсылықтарын жазбаша түрде ұсынуға міндетті. Егер көрсетілген мерзімнің ішінде Қызметтерді жеткізуші қарсылықтарын ұсынбаса, Қызметтерді жеткізуші Актілерді толық мақұлдаған және қабылдаған болып есептеледі.
 - 3.14. Төлем ұйымы есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнтізбелік күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Салық кодексінә сәйкес, қабылданған Орындалған жұмыстар актісінің негізінде электрондық шот-фактура ұсынады.
 - 3.15. Төлем ұйымы Төлеушінің немесе Төлемдерді қабылдау орнының қызметкерінің Клиенттің телефон нөмірі, Клиенттің дербес шотының нөмірі, немесе Төлем сомасы туралы қателесіп көрсеткен мәліметтері бар Төлемнің қабылданғаны туралы Қызметтерді жеткізушіге хабарлауға міндеттенеді. Мұндай міндеттеме Төлем ұйымында оған Төлеушіден немесе Төлемдерді қабылдау орнының қызметкерінен Төлемнен бас тарту немесе түзету үшін қажетті деректері бар өтініш, оған міндетті түрде қоса тіркелген қате Төлемнің жасалғанын растайтын құжаттың көшірмесі келіп түскен жағдайда ғана туындайды. Төлем ұйымының төлемнен бас тарту немесе оны түзету үшін жасалатын іс-әрекеттерінің тәртібі осы Шартқа №4 Қосымшада анықталған.
 - 3.16. Төлем ұйымының осы Шартты орындауға үшінші тұлғаларды (төлем агенттерін және/немесе қосалқы агенттерді) тартуға құқығы бар. Бұл ретте Төлем ұйымы олардың іс- әрекеттері үшін Қызметтерді жеткізушінің алдында жауапты болады. Төлем агенттері және/немесе қосалқы агенттер Төлеушінің Төлемінен комиссия алуға құқылы.
 - 3.17. Төлем ұйымы:
 - 1) Төлем ұйымында алаяқтық операцияларға күдік және/немесе ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және/немесе клиенттің/қызмет көрсетушінің күдікті/күмәнді операцияға тартуына/қатысуына және/немесе клиент/қызмет көрсетуші жасайтын операцияларға/әрекеттерге күдік болған кезде операцияларды/әмияндарды бұғаттауға төлем ұйымының белгіленген рәсімдері мән-жайлар анықталғанға дейін Клиентті/Қызмет көрсетушіні хабардар етпей;

2) Қызметтер көрсетушіден операцияларды жүргізу, Қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау, оның ішінде Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, Халықаралық экономикалық санкциялар талаптары, белгіленген рәсімдердің ішкі нормативтік құжаттары үшін, сондай-ақ жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыру үшін қажетті кез келген құжаттар мен ақпаратты сұратуға деректер / Дербес деректер Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы;

3) клиентке / Қызметтерді көрсетушіге операцияны жүргізуді тоқтата тұруға және / немесе одан бас тартуға, клиентпен / Қызметтерді көрсетушімен іскерлік қатынастарды бұзуға және қолданыстағы заңнамада, оның ішінде Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада, Халықаралық экономикалық санкцияларда көзделген жағдайларда Шарттың қолданылуын тоқтатуға, оның ішінде Төлем ұйымына сұратылған құжаттар және/немесе мәліметтер ұсынылмаған не толық ұсынылмаған жағдайда;

4) төлем ұйымының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманы сақтауы мақсатында операциялар жүргізу үшін төлем ұйымына ұсынылған кез келген деректер түрін алу, тексеру/ қайта тексеру жөніндегі қолданыстағы заңнамада тыйым салынбаған кез келген іс-қимылдар мен шараларды жүзеге асыруға құқылы.

4. Қызметтерді жеткізушінің құқықтары және міндеттері

- 4.1. Қызметтерді жеткізуші Төлем ұйымына осы Шарттың 5-бөліміне сәйкес сыйақы төлеуге міндетті.
- 4.2. Қызметтерді жеткізуші Төлем ұйымының қабылданған Төлемдер туралы ақпаратын қабылдауға және Клиенттердің дербес шоттарында ескеруге, сондай-ақ Төлем ұйымының қабылданған Төлемдерді толық және уақтылы есепке жазуына Төлем ұйымының есеп айырысуларды және Қызметтерді жеткізушінің есебіне жазған сомаларды тексеру арқылы өз бетінше бақылау жүргізуге міндетті. Егер тексеру барысында қандай да бір сәйкессіздіктер анықталса, Жеткізуші осындай сәйкессіздіктер анықталған күннен кейінгі 3 (Үш) банктік күннен кешіктірмей тексеру нәтижелері туралы Төлем ұйымына жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді.
- 4.3. Қызметтерді жеткізуші Төлем ұйымына Қызметтер туралы релиздерді және жарнамалық-ақпараттық материалдарды, сондай-ақ олардың өзгертілгені туралы мәліметтерді жіберуге құқылы.
- 4.4. Қызметтерді жеткізуші Төлеушілерге, соның ішінде тиісті ақпаратты және гиперсілтемелерді өз интернет-сайтында жариялай отырып, Қызметтер үшін төлемдерді Төлемдерді қабылдау орындарында жасау мүмкіндігі туралы хабарлауға, сондай-ақ Төлеушілерге олардың өтініші бойынша Төлемдерді қабылдау орындарының орналасқан жері туралы ақпарат беруге, сондай-ақ компания интерфейсінің кескінін орналастыруға міндетті. Қызметтерді жеткізуші Төлем ұйымымен компания атауын, логотип кескінін, интерфейсті немесе QIWI-терминалды кез келген жаңалықтарда және жарнама өнімдерінде өз бетінше пайдалануды келісуге міндетті.
- 4.5. Жеткізуі Төлем ұйымына 5 (бес) жұмыс күнне кешіктірмей өз деректерінің (пошталық, банктік, заңды, электрондық мекенжайының), Қызметтер тізбесі мен сипаттамаларының өзгергені туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.
- 4.6. Қызметтерді жеткізуші Төлеушінің немесе Төлемдерді қабылдау орнының қызметкерінің қате көрсеткен деректерінің негізінде Төлем ұйымы қабылдаған және аударған Төлемнен бас тартуға немесе оны түзетуге міндеттенеді. Бұл міндеттеме Қызметтері жеткізушіде ол Төлем ұйымынан сұратым алған жағдайда пайда болады. Төлемнен бас тарту немесе оның түзету үшін Қызметтерді жеткізушінің жасайтын іс-әрекеттерінің тәртібі осы Шартқа №4 Қосымшада анықталған.
- 4.7. Қызметтерді жеткізуші қате төлем сомасын Төлеушіге/Клиентке қайтарған жағдайда Төлем ұйымы Қызметтерді жеткізушінің жүзеге асырған Төлеушіге/Клиентке ақша қаражаттарын қайтаруды өзінің ай сайынғы Салыстыру актісінде ескермейді. Қызметтерді жеткізуші қате төлем сомасын қайтару үшін Төлеушінің/Клиенттің алдында өз бетінше жауап береді. Төлем ұйымының сыйақы мөлшері сондай-ақ Қызметтерді жеткізушінің Төлеушіге қате Төлемді қайтаруын ескерусіз есептеледі.
- 4.8. Төлем ұйымының жауапты қызметкерлерінің осы Шарттың талаптарын орындаумен байланысты сұратымдарына уақтылы және барынша толық жауап беруге.
- 4.9. Қызметтерді жеткізуші лицензияның тоқтатылғаны/өзгертілгені/кері қайтарылғаны/алынғаны, кәсіби қызмет түрін/тегін жүзеге асыруға рұқсат алынғаны туралы ақпаратты уақтылы беруге міндетті және осы міндеттемені орындамаумен байланысты

- барлық тәуекелдер мен жауапкершілікті көтереді.
- 4.10. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын орындау мақсатында Қызметтерді жеткізуші Шартқа №5 Қосымшаға сәйкес толық және анық деректерді ұсынуға міндеттенеді.
- 4.11. Қызмет жеткізуші «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңда көзделген барлық талаптарды сақтауға, оның ішінде клиенттерге (олардың өкілдеріне) және бенефициарлық меншік иелеріне тиісті тексеру жүргізуге міндеттенеді:
- а) клиентпен іскерлік қатынастар орнату;
 - б) қаржылық мониторингке жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операцияларды, оның ішінде күдікті операцияларды жүзеге асыру;
 - в) клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған деректердің дұрыстығына күмәндану үшін негіздердің болуы
- 4.12. Қызметтерді жеткізушінің клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеруі мынадай шараларды жүзеге асыруды қамтиды:
- 1) жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді: оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін, жеке сәйкестендіру нөмірін (жеке тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ заңды мекенжайын тіркеу;
 - 2) заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу: заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың деректері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда) қызметтің сипаты, сондай-ақ тіркелген немесе орналасқан жерінің мекенжайы;
 - 2-1) заңды тұлға құрмай шетелдік құрылымды сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу: заңды тұлға құрмай шетелдік құрылым шет мемлекетте (аумақта) тіркелген атауы, нөмірі (бар болса), орналасқан жерінің мекенжайы, негізгі қызметті жүргізу орны, қызметінің сипаты, ал сенімдер мен өзге де шетелдік құрылымдарға қатысты шет мемлекетте (аумақта) тіркелмеген құрылымы немесе функциясы ұқсас заңды тұлғаның құрылуы басқарудағы (меншіктегі) мүліктің құрамы, тегі, аты, шетелдік құрылым құрылтайшыларының (қатысушыларының) заңды тұлға құрмастан және бенефициарлық меншік иелерінің (бар болса) әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және тұрғылықты жерінің (орналасқан жерінің) мекенжайы.
 - 3) заңды мекенжайды қоспағанда, осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес бенефициарлық меншік иесін анықтау және оны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу;
 - 4) іскерлік қатынастардың болжамды мақсаты мен сипатын белгілеу;
 - 5) қажет болған жағдайда жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді алуды және тіркеуді қоса алғанда, осы қаржы мониторингі субъектісі арқылы клиент жүзеге асыратын іскерлік қатынастарды тексеруді және операцияларды зерделеуді тұрақты негізде жүргізу;
 - 6) клиентті (оның өкілін), бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтердің дұрыстығын тексеру және Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту.
- 4.13. Клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексеру нәтижесінде қызмет көрсетуші алған құжаттар мен мәліметтер клиенттің заңды деректеріне енгізіледі, қызмет көрсетушіде клиентпен іскерлік қатынастардың бүкіл кезеңі бойы және клиентпен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап кемінде 5 (бес) жыл сақталады.
- 4.14. Төлем ұйымының бірінші талабы бойынша төлем ұйымының белгіленген мерзімдерінде қолданыстағы заңнама талаптарын сақтауды жүзеге асыру мақсатында, оның ішінде Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы, сондай-ақ қажетті рәсімдердің барлық талаптарын сақтау үшін ол сұратқан кез келген құжаттар мен ақпаратты ұсынуға және/немесе қамтамасыз етуге "Өз клиентіңді біл" ("Know Your Client") немесе төлем ұйымында бар және/немесе қолданыстағы заңнамада белгіленген өзге де ұқсас рәсімдерді біл, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы клиенттің деректерін/ дербес деректерін жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыру. Өнім берушінің сұратылған Төлем ұйымы құжаттама мен ақпаратты ұсынбауы төлем ұйымының төлем қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруы не бас тартуы үшін негіз және/немесе төлем ұйымының осы Шарттан біржақты бас тартуы үшін негіз бола алады.

5. Сыйақы мөлшері және оны төлеу тәртібі

- 5.1. Төлем ұйымының төлемдерді қабылдау үшін сыйақы мөлшерлемесі қосылған құн салығын қоса алғанда, Төлем сомасынан проценттік арақатынаста белгіленеді. Мөлшерлеме көлемі Қосылу шартында белгіленеді.
- 5.2. Әр күнтізбелік күн аяқталған соң Төлем ұйымы Қызметтерді жеткізушіге аударылған Төлемдер көлемі және осы Шарттың 3.13 т. сәйкес Төлем ұйымына төленетін Сыйақы мөлшері көрсетілген Орындалған жұмыстарды салыстыру актісін жазуға міндеттенеді.
- 5.3. Төлем ұйымының Қызметтерді жеткізушіге көрсеткен қызметтері үшін сыйақысын Төлем ұйымы оның осы Шарттың 3.11 т. көзделген тәртібімен аударылатын Төлемдер сомаларынан ұстайды.
- 5.4. Төлем ұйымының Төлемдерді қабылдау үшін мөлшерлемесін Төлем ұйымы біржақты тәртіппен өзгертуге тиіс және ол тиісті хабарламада көрсетілген күннен бастап күшіне енеді. Бұл ретте Тараптар өзгертілген мөлшерлемені көрсете отырып, Қосылу шартына қосымша келісімге қол қояды.

6. Тараптардың жауапкершілігі

- 6.1. Шарттың 3.11 т. көрсетілген мерзімдерді бұзғаны үшін Төлем ұйымы төлемді кешіктірген әр күн үшін 0,03%-і, бірақ аударуға жататын соманың 10% аспайтын мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.
- 6.2. Төлем ұйымы Клиенттердің алдында Қызметтерді көрсету барысында және олармен байланысты туындайтын Қызметтерді көрсетушінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтермейді. Қызметтерді жеткізушінің кінәсінен қабылданған Төлем Шарттың 4.2. т. сәйкес Клиенттің Дербес шотында көрсетілмеген жағдайда бұл Жеткізушінің Төлем ұйымына бұзылған құқықты қорғау туралы шағым жасауына себеп болады және Қызметтерді жеткізуші аталған шағымдарды өз бетінде және өз есебінен реттеуге міндетті болып табылады.
- 6.3. Төлем ұйымы Қызметтерді жеткізушінің осы Шарттың 4.3. т. сәйкес Төлем ұйымының ақпараттық материалдарында орналастыру үшін ұсынған ақпаратының мазмұны үшін жауапкершілік көтермейді.
- 6.4. Айыппұл санкцияларын төлеуі Төлем ұйымын осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаудан босатпайды.
- 6.5. Төлем ұйымының осы Шартта көзделген санкцияларды төлеу міндеті Қызметтерді жеткізуші ұсынған жазбаша шағымының негізінде туындайды. Шағымның болмауы сондай-ақ дауларды қараудың сотқа дейінгі тәртібін сақтамау болып табылады.
- 6.6. Қызметтерді жеткізуші өз деректемелерінің өзгергені туралы уақтылы хабарламаған жағдайда Қызметтерді жеткізушіге қабылданған Төлемдердің уақтылы аударылмағаны үшін Төлем ұйымы жауапкершілік көтермейді. Сондай-ақ қызмет көрсетуші Банктің электрондық төлем жүйелерінің жұмысында іркіліс туындаған жағдайда Төлем ұйымы жауап бермейді.
- 6.7. Төлем ұйымы Төлеушінің хабарламалар мен түбіртектерді рәсімдеу кезінде, соның ішінде Төлем сомасын есептеу бойынша жол берілген қателер үшін жауапкершілік көтермейді.
- 6.8. Тараптар екінші Тарап жазбаша келісім бермеген жағдайда үшінші тұлғаларға Шарт бойынша өз құқықтарын және/немесе міндеттемелерін толығымен де, ішінара да беруге ұқығы жоқ.
- 6.9. Қызметтерді жеткізушінің осы Шарттың 4.9., 4.11., 4.12., 4.13. т. көрсетілген қызметтерді бұзуы Төлем ұйымына мемлекеттік органдар және/немесе үшінші тұлғалар тарапынан айыппұл санкцияларын төлеу бойынша шағымдарды, талап-арыздарды және/немесе ұйғарымдарды ұсынуға негіз болған жағдайда Төлем ұйымы бұл туралы Қызметтерді жеткізушіге дереу хабарлауға міндеттенеді, ал Қызметтерді жеткізуші, өз кезегінде, Төлем ұйымының талабы бойынша бүкіл сұратылған ақпаратты ұсынуға, Төлем ұйымына осындай шағымдар мен талап-арыздарды реттеуге қолдау көрсетуге, сондай-ақ Қызметтерді жеткізушінің Шарттың 4.9., 4.11., 4.12., 4.13. т. бұзуының нәтижесінде үшінші тұлғалардың құқықтарының және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының бұзылуына байланысты Төлем ұйымының оған осындай шағымдардың, талап-арыздардың ұсынылуының салдарынан жұмсаған барлық шығындарын (оған қоса сот шығындарын, айыппұлдарды төлеу бойынша шығындарын) және залалды өтеуге міндеттенеді.
- 6.10. Шартқа № 5 Қосымша бойынша Қызметтерді жеткізуші анық емес мәліметтерді бергені үшін Төлем ұйымы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес іскерлік қатынастарды бір жақты соттан тыс тәртіппен тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

7. Форс-мажор

- 7.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау Тараптарға байланысты емес еңсерілмейтін күш жағдайларынан (форс-мажордан), атап айтқанда: дүлей апаттан, өрттен, жаппай ретсіздіктерден, революциялардан, әскери іс-қимылдардан, карантин жариялаудан немесе жоғарыда көрсетілген жағдайлардың әсеріне ұшыраған деп ресми түрде танылған аудандарда болып жатқан және да апаттардан туындаған болса, Тараптар оларды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді.
- 7.2. Форс-мажорлық жағдайлардың басталғаны және тоқтағаны туралы осы жағдайлардың себебінен Шарттың талаптарын орындауға дәрменсіз Тараптардың бірі бұл туралы екінші Тарапқа он күннің ішінде жазбаша түрде хабарлауға міндетті.
- 7.3. Форс-мажорлық жағдайлардың болуының және ұзақтығының дәлелі ретінде құзыретті органдар беретін құжаттар қолданылуы мүмкін.

8. Шарттың қолданылу мерзімі

- 8.1. Шарт оған екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және кез келген Тараптың бастамасы бойынша оны бұзған күнге дейін, екінші Тарапқа болжалды Шартты бұзу күніне дейінгі 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабарлау арқылы әрекет етеді.
- 8.2. Төлем ұйымының өтініші бойынша Шарттың әрекеті 3 (Үш) айдан аспайтын мерзімге уақытша тоқтатылуы мүмкін. Шарттың әрекетін уақытша тоқтатуға Қызметтерді жеткізушінің Шартты уақытша тоқтату талаптары және Шарттың әрекетін қайта іске қосу бойынша іс-әрекеттер тәртібі көрсетілген жазбаша келісімі негіз болып табылады.

9. Шартты бұзудың салдары

- 9.1. Тараптардың ақшалай міндеттемелері, сондай-ақ Тараптардың осы Шартты бұзғаны үшін жауапкершілігін анықтайтын міндеттемелер оларды орындағанға дейін сақталады. Осы Шартты кез келген бұзу жағдайында Тараптар өзара есеп айырысуларды жүргізеді.

10. Дауларды шешу тәртібі

- 10.1. Шарттан немесе оған байланысты туындайтын және келіссөз мен кеңес беру арқылы, сондай-ақ кінәрат-талаптық тәртіппен реттелмеген, соның ішінде Шартты орындауға, бұзуға, тоқтатуға немесе оның жарамсыздығына қатысты барлық даулар, келіспеушіліктер немесе талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотта шешілуге жатады.
- 10.2. Даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған кезде Тараптар міндетті талап қою тәртібін белгілейді.
- 10.3. Шарт шеңберіндегі талап қою тәртібі деп шарт бойынша тараптың шарт жасасуға, түсіндіруге, Шартты бұзуға, шарт бойынша міндеттемелерді екінші Тараптың орындауына немесе орындамауына қатысты қарсылықтары болған жағдайда, екінші Тарап жол берген міндеттемелерді бұзушылықтардың сипатына нұсқауды, шарт талаптарына немесе ережелеріне дәлелді сілтемені қамтитын жазбаша талап қоюды міндетті түрде қарау үшін оған жіберу міндеті түсініледі Қазақстан Республикасының Қолданыстағы заңнамасы.
- 10.4. Егер шағым қосылу шартында көрсетілген деректемелер бойынша, хабарламасы бар тапсырысты хатпен жіберілсе немесе курьер немесе адресаттың шағымды алғанына көз жеткізуге мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен адресатқа жеткізілсе, ол тиісінше жіберілген болып есептеледі.
- 10.5. Қосылу шартында көрсетілген мекенжай бойынша жіберілген, "сақтау мерзімі бітті", "адресат іздестірілмеді", "адресат шығып кетті" және т. б. почта белгілері бар почта жөнелтілімі жөнелтушіге қайтарылған жағдайда, шағым жіберілген тараптан хабарлама келіп түспеген жағдайда, шағым тәртібі сақталды деп есептеледі осы Шарттың 11.3-тармаққа сәйкес.
- 10.6. Өзара түсіністікке қол жеткізілмеген жағдайда, Тарап екінші Тарапқа жазбаша шағым жібергеннен кейін және екінші Тарап шағым алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайтын оған жауап беру мерзімі өткеннен кейін қолданыстағы соттылығына сәйкес Қазақстан Республикасының сот органдарына жүгінуге құқылы.

11. Басқа шарттар

- 11.1. Төлем ұйымы Шарт талаптарының өзгергені немесе толықтырылғаны туралы ресми сайтта 3 жұмыс күн бұрын алдын ала хабарлай отырып, бір жақты тәртіппен өзгертулерді немесе толықтыруларды енгізуге құқылы. Шартқа өзгертулер немесе толықтырулар, егер өзгертулердің немесе толықтырулардың күшіне ену мерзімі оларды жариялау кезінде қосымша анықталмаса, өзгертулері немесе толықтырулары бар құжаттың жаңа редакциясы жарияланған күннен кейінгі 3 жұмыс күн өткеннен кейін күшіне енеді. Төлем ұйымы шартқа өзгертулердің және/немесе толықтырулардың осындай өзгертулерді жариялағанға дейін туындаған қатынастарға қолданылатынын белгілеуге құқылы.

- 11.2. Шартқа қосылған Қызметтерді жеткізуші оған Шарттың барлық талаптарының түсінікті екеніне кепілдік береді және Қызметтерді жеткізуші оның талаптарын ескертусіз және толық көлемде қабылдайды. Осы Шартта көзделмеген жағдайлардың барлығында Қызметтерді жеткізуші ҚР Қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.
Тараптардың бірінің орналасқан жері, (тіркелген орны/мекенжайы), электрондық пошта адресі, банк деректемелері өзгерген жағдайда, тиісті Тарап ескертуге қол қойған тұлғаның қол қою құқығын растайтын құжаттарды, шоттың тиесілілігі туралы банктің анықтамасын (банк деректемелері өзгерген кезде), барлық тіркеу әрекеттері туралы Egov.kz мемлекеттік порталының анықтамасын (заңды мекенжай өзгерген кезде) ұсынумен, Қосылу шартының 6-бөлімінде көрсетілген ресми электрондық пошта адресінен тиісті өзгерістер басталған күннен бастап 5 (Бес) жұмыс күнінің ішінде жазбаша ескертуді жіберу арқылы басқа Тарапты хабардар етуге міндеттенеді, бұл ретте Қосылу шартына қосымша келісімге Тараптардың қол қоюы қажет етілмейді.
- 11.3. Тараптар Шартқа №6 Қосымшада көрсетілген сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша шараларды сақтауға міндеттенеді.
- 11.4. Шартқа осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын келесі Ережелер қоса тіркеледі:
- 1-қосымша: Қызметтерді жеткізушілерге арналған қосу интерфейсі.
 - 2-қосымша: Төлемді растау үшін Төлеушіге берілетін құжаттардың үлгілері.
 - 3-қосымша: Төлем ұйымының Орындалған жұмыстарды салыстыру актісі.
 - 4-қосымша: Төлемдерден бас тарту және оларды түзету тәртібі.
 - 5-қосымша: «Өз клиентіңді біл» сауалнамасы.
 - 6-қосымша: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе.
 - 7-қосымша: Қызметтерді жеткізушімен жасалған Төлем қызметтерін көрсету шартына Қосылу шартының нысаны.

**Қызметтерді жеткізушімен жасалған
Төлем қызметтерін көрсету шартына № 1 Қосымша**

ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТКІЗУШІГЕ АРНАЛҒАН ҚОСУ ИНТЕРФЕЙСІ

1. Қызметтерді жеткізушінің интерфейсіне қойылатын талаптар

- 1.1. Интерфейс IP-мекенжайлардан HTTP немесе HTTPS хаттамасы бойынша сұратымдарды қабылдау керек:
 - 89.218.54.34
 - 89.218.54.36
- 1.2. Тестілеу келесі IP-мекенжайлардан жүргізіледі:
 - 212.154.215.82 – негізгі
 - 79.142.55.227 – қосалқы
- 1.3. Интерфейс жүйенің GET әдісімен жіберетін параметрлерді жасап шығару керек
- 1.4. Интерфейс жүйедегі жауапты UTF-8 кодтамасында XML пішімінде құрастыру керек (егер жауапта ұлттық әліпбилердің символдары болса)
- 1.5. Ақпаратпен алмасу сұратым-жауап режимінде жүргізіледі, бұл ретте жауап беру жылдамдығы 60 секундтан аспау керек. Олай болмаған жағдайда жүйе байланысты таймаутбойынша үзеді.
- 1.6. Егер қосылатын провайдердің қызметтері үшін төлемдердің болжалды саны қарқынды (минутына 10 дейін және одан артық төлем) болады деп күтілсе, онда интерфейстің 10-15 рет бір уақытта қосылуға дейін көпағынды коммуникацияны қолдауы қажет.

2. Интерфейс жұмысының негізгі қағидаттары

- 2.1. QIWI жүйесіндегі әр төлемнің провайдерге txn_id айнымалысында берілетін бірегей сәйкестендіргіш – ұзындығы 28 таңбаға дейінгі бүтін сан бар. Осы сәйкестендіргіш бойынша өзара есеп айырысулар әрі қарай салыстырылады және даулы мәселелер шешіледі.
- 2.2. Төлем сомасы клиенттен қабылданып, провайдерге sum айнымалысында – жүздік сандарға дейінгі дәлдікпен бөлшек сан - теңгемен жіберіледі. Бөлгіші ретінде «.» (нүкте) қолданылады. Егер суома бүтін сан болса, онда ол бәрібір нүктемен және нөлдерментолықтырылады, мысалы – «200.00»
- 2.3. Төлемді қосуға сұратымда жүйе төлем күнін (жүйеде төлем күні деп клиенттен сұратымды алған күнді есептейді) txn_date айнымалысында жібереді – ЖЖЖЖААККССММСС пішіміндегі күні. Бұл күнді бухгалтерлік өзара есеп айырысуларды жүргізу үшін қолдану керек. QIWI жүйесінде төлемдердің есебі клиенттен сұратым алған күні бойынша жүргізілетіндіктен, провайдермен мұндай есеп айырысуларды осы күн бойынша жүргізу қажет. Мысалы, мынандай жағдай болды делік: клиент жүйеге 31.12.2005 ж. сағат 23:59:59-да сұратым жіберді. Деректерді өңдеуге және ақпаратты байланыс арналары бойынша қайта жіберуді ескере отырып, жүйе провайдерге сұратымды 1.1.2006 00:00:05 жібере алды, сәйкесінше, провайдердің жүйесінде төлем басқа есептік кезеңде ескерілетін болады да, бұлсалыстырып тексерулерді жүргізу кезінде белгілі бір проблемаларды туғызады. Мұндай жағдайға жол бермеу үшін жүйе провайдерге төлем ескерілуге тиіс күнді жібереді.
- 2.4. Провайдер өзінің абонентін бірегей сәйкестендіргіш (дербес шот нөмірі, телефон нөмірі, логин және т.б.) бойынша сәйкестендіреді. Провайдерге жіберер алдында провайдер ұсынуға тиіс жүйелі мәнге сәйкес сәйкестендіргіштің дұрыстығы тексеріледі. Абоненттің сәйкестендіргіші account айнымалысында жіберіледі – әріптері, цифрлары және арнайы символдары бар, ұзындығы 200 символға дейінгі жол.
- 2.5. Провайдерге төлем туралы ақпаратты жүйе 2 кезеңмен жібереді – абоненттің күйін тексеру және төлемнің өзін жүргізу. Сұратып типін жүйе command айнымалысында жібереді – «check» және «pay» мәндерін қабылдайтын жол. Мәртебені («check» сұратымы) тексеру кезінде провайдер өз базасында көрсетілген сәйкестендіргіші бар абоненттің болуын тексеруге және сәйкестендіргішке, төлем сомасына төлем жүйелері арқылы дербес шоттарды толықтырудың қабылданған логикасына сәйкес ішкі тексерулерді жүргізуге тиіс. Төлемді жүргізу кезінде («pay» сұратымы) провайдер абоненттің теңгерімін толықтырукерек.
- 2.6. Провайдерге жіберілген кез келген сұратым қатемен аяқталған жағдайда провайдер қате кодын төменде келтірілген кестеге (Б Қосымшасы) сәйкес қайтарады. Барлық қателердің фатальдық белгісі бар. Жүйе үшін фатальдық қате бұрынғы параметрлерімен бірге сұратымды қайта жіберу дәл сол қатенің 100% қайталануына алып келетінін білдіреді.

Демек жүйе клиенттік сұратымды өңдеуді тоқтатады және оны қатемен аяқтайды. Фатальды емес қате жүйе үшін бұрынғы параметрлерімен бірге сұратымды қайтарудың белгілі бір уақыттан кейін сәтті аяқталуы мүмкін екенін білдіреді. Жүйе аралықты операция сәттінемесе фатальды қатемен аяқталғанша біртіндеп арттыра отырып, фатальды емес қатемен аяқталатын сұратымдарды қайталай беретін болады. Провайдер серверімен байланыстың болмауы фатальды емес қате болып табылады. Абоненттің сәйкестендіргіші табылмаса бұл фатальды қате болып саналады.

- 2.7. Провайдердің базасында бір ортақ `txn_id` нөмірі бар екі сәтті жүргізілген төлем болмауы керек. Егер жүйе провайдердің базасына енгізіліп қойған `txn_id`-мен сұратым жіберсе, онда провайдер алдыңғы сұратымды өңдеу нәтижесін қайтаруға тиіс.
- 2.8. Провайдер сұратымдарға жауапты төмендегі құрылыммен XML пішімінде қайтарады:

```
<?xml version="1.0" encoding="UTF-8"?>
<response>
  <osmp_txn_id></osmp_txn_id>
  <prv_txn></prv_txn>
  <sum></sum>
  <result></result>
  <comment></comment>
</response>
```

<response> – жауап денесі

<osmp_txn_id> – провайдерге `txn_id` айнымалысында жіберілетін жүйедегі транзакция нөмірі.

<prv_txn> – абоненттің теңгерімін толықтыру операциясының бірегей нөмірі (провайдердің базасында), ұзындығы 20 таңбаға дейінгі бүтін сан. Бұл элементті провайдер теңгерімді толықтыруға сұратымнан («pay» сұратымынан) кейін қайтару керек. Абоненттің жай-күйін тексеруге сұратымға («check» сұратымы) жауап беру кезінде оны қайтарудың қажеті жоқ - өңделмейді.

<sum> – провайдерлерге берілетін төлем сомасы, жүздік санға дейінгі бөлшек сан, бөлгіш ретінде «.» (нүкте) қолданылады. Егер сома бүтін сан болса, онда ол бәрібір нүктемен және нөлдермен толықтырылады, мысалы «200.00»

<result> – сұратымды аяқтау нәтижесінің коды.

<comment> – міндетті емес элемент, операцияны аяқтау түсіндірмесі.

3. Абоненттің жай-күйін және төлемнің тіркелуін тексеру сұратымның мысалы

Мысал ретінде, провайдердің төлем қосымшасы `payment_app.cgi`, орналасқан мекенжайы `service.someprv.ru`, сервер 8443 портына HTTPS қосылыстарды қолдайды. Абоненттің жай-күйін тексеру үшін жүйе төмендегідей сұратымды генерациялайды:

```
https://service.someprv.ru:8443/payment_app.cgi?command=check&txn_id=1234567&account=4957835959&sum=200.00
```

Сұратымның мынадай айнымалылары бар:

command=check – абоненттің жай-күйін тексеруге сұратым

txn_id=1234567 – QIWI жүйесіндегі төлемнің ішкі нөмірі

account=4957835959 – провайдердің ақпараттық жүйесіндегі абоненттің сәйкестендіргіші

sum=200.00 – абоненттің дербес шотына есепке алынуға жататын сома (check сұратымында `sum` айнымалысындағы мән жалған болып табылады, терминалдан әдепкі қалып бойынша жіберіледі және оны өңдеудің қажеті жоқ)

Сұратым жолында келесі қосымша жолдар жіберілуі мүмкін:

pay_type=1 – провайдер ұсынатын қызметтің сәйкестендіргіші, ұзындығы 5 таңбаға дейінгі бүтін сан. (Провайдер 1 артық қызмет ұсынғанда қолданылады).

trm_id=8792525 – терминалдың `id`, ұзындығы 20 таңбаға дейінгі бүтін сан. (ОСМП пішімдерінде қолданылады).

data1,data2,...,dataN – провайдер жіберетін қосымша жолдар – әріптері, цифрлары және арнайы символдары бар жолдар.

Сұратым жолында бір, бірнеше, барлық қосымша өрістер жіберілуі мүмкін.

Сұратым жолы төмендегідей болуы мүмкін:

```
https://service.someprv.ru:8443/payment_app.cgi?command=check&txn_id=1234567&account=4957835959&sum=200.00
```

немесе

https://service.someprv.ru:8443/payment_app.cgi?command=check&txn_id=1234567&account=4957835959&sum=200.00&pay_type=1&trm_id=4151200&data1=123456

Провайдердің жауабы төмендегідей болу керек:

```
<?xml version="1.0" encoding="UTF-8"?>
<response>
  <osmp_txn_id>1234567</osmp_txn_id>
  <result>0</result>
  <comment></comment>
</response>
```

«check» сұратымына result=0 оралу өзіне тиісті txn_id нөмірі бар абоненттің дербес шоты толықтырылуы мүмкін екенін білдіреді. Абонен шотының жай-күйін сәтті тексерген соң жүйе теңгерімді толықтыруға сұратымды қалыптастыруға және жіберуге көшеді («pay» сұратымы). comment толтырылуы міндетті емес жолында қызметтік түсіндірме көрсетіледі. Қажет болған жағдайда төлем туралы қосымша ақпаратты fields тегінде жіберуге болады. Провайдердің жауабы төмендегідей болу керек:

```
<?xml version="1.0" encoding="UTF-8"?>
<response>
  <osmp_txn_id>1234567</osmp_txn_id>
  <result>0</result>
  <fields>
    <field1 name="name1"> value1</field1>
    <field2 name="name2"> value2</field2>
    ...
    <fieldN name="nameN"> valueN</fieldN>
  </fields>
  <comment></comment>
</response>
```

field1, field2... fieldN толтырылуы міндетті емес өрістерінде жүйеге жіберілуге тиіс ақпарат көрсетіледі. Бұл ақпарат пайдаланушыға төлем жасау кезінде көрсетілуі мүмкін. Провайдердің жауабында барлық қосымша жолдар немесе олардың бір бөлігі болуы мүмкін.

4. Дербес шотты толықтыруға сұратымның мысалы

Төлемді растау үшін жүйе төмендегідей сұратымды генерациялайды:

https://service.someprv.ru:8443/payment_app.cgi?command=pay&txn_id=1234567&txn_date=20112011010112&account=4957835959&sum=500.00

Сұратымда төмендегідей айнымалылар бар:

command=pay – абоненттің теңгерімін толықтыруға сұратым

txn_id=1234567 – QIWI жүйесіндегі төлемнің ішкі нөмірі

txn_date=20110101120005 – QIWI жүйесіндегі төлемнің есепке алынған күні

account=4957835959 – провайдердің ақпараттық жүйесіндегі абоненттің сәйкестендіргіші

sum=500.00 – абоненттің дербес шотына есепке алынуға жататын сома (абоненттің терминалға салған сомасы)

pay_type=1 – Провайдер ұсынатын қызметтің сәйкестендіргіші, ұзындығы 5 таңбаға дейінгі бүтін сан, (Провайдер 1 астам қызмет ұсынған болса қолданылады).

trm_id=8792525 – терминалдың id, ұзындығы 20 таңбаға дейінгі бүтін сан. (ОСМП филиалдарында қолданылады.)

data1,data2,...,dataN – провайдер жіберетін қосымша жолдар – әріптері, цифрлары және арнайы символдары бар жолдар.

Сұратым жолында бір, бірнеше, барлық қосымша өрістер жіберілуі мүмкін.

Сұратым жолы төмендегідей болуы мүмкін:

https://service.someprv.ru:8443/payment_app.cgi?command=pay&txn_id=1234567&account=4957

835959&sum=500.00&txn_date=20110101120005&trm_id=4151200

немесе

https://service.someprv.ru:8443/payment_app.cgi?command=pay&txn_id=1234567&account=4957835959&sum=500.00&txn_date=20110101120005&pay_type=1&trm_id=4151200&data1=12345

Жауаптың мысалы:

```
<?xml version="1.0" encoding="UTF-8"?>
<response>
  <osmp_txn_id>1234567</osmp_txn_id>
  <prv_txn>2016</prv_txn>
  <sum>500.00</sum>
  <result>0</result>
  <comment>OK</comment>
</response>
```

«pay» сұратымына result=0 қайтара отырып, провайдер теңгерімді толықтыру операциясының сәтті аяқталғаны туралы хабарлайды. Жүйе осы транзакцияны өңдеуді толығымен аяқтайды. Толтырылуы міндетті емес comment жолында қызметтік түсіндірме көрсетіледі.

5. Күнделікті салыстырып тексеру

Астана уақыты бойынша сағат 9:00 дейін жүйе көрсетілген мекенжай бойынша алдыңғы күннің ішінде қабылданған төлемдердің электрондық тізілімін генерациялайды және жібереді. Тізілімнің құрылымы төмендегідей болады:

```
<txn_id> <күні> <уақыты> <абоненттің сәйкестендіргіші> <сома>
.....
<txn_id> <күні> <уақыты> <абоненттің сәйкестендіргіші> <сома>
```

Өрістер «;» таңбасымен бөлінген, соманың бөлшектік бөлігі нүктемен бөлінген, күні/Астана уақыты, жолдың аудармасы x0D x0A символдарынан да, жай x0D-ден де құралуы мүмкін.

Мысалы:

```
95752972;31.02.2005 12:13:14;0957835959;123.45
95752982;31.02.2005 13:22:34;8002000059;0.01
95752992;31.02.2005 14:55:11;9167005151;123.01
95753002;31.02.2005 14:55:12;0732565414;1000.00
```

Жүйе тізілімге тек қана сәтті жүргізілген төлемдерді кіргізеді.

Хабарламалармен online алмасу кезінде де, тізілімде де келіп түскен төлемдер расталған болып саналады.

Егер:

- тізілімде провайдердің базасында жүргізілген төлемдер болмаса,
- тізілімде провайдердің базасында жоқ төлемдер болса,
- тізілім келіп түспеген болса,

онда 12.00 дейін шартта көрсетілген QIWI-гі байланысатын тұлғамен жағдайды анықтау және шешім қабылдау үшін хабарласу керек.

А-қосымшасы: «Қосуға өтінім»

*Провайдер ұйымының заңды атауы (шартта көретілгендей)	
_____жшс	
*Провайдердің қысқаша атауы (клиенттік интерфейсте көрсету үшін)	

*Пайдаланушыны енгізу үшін шақыру (клиенттік интерфейсте көрсету үшін (мысалы «Нөмірді енгізіңіз»))	
Шақыру белгісін көрсетіңіз	
Көрсетілетін қызметтің/қызметтердің түрі	

*Төлем қосымшасының URL (мысалы https://service.someprovider.ru:8443/payment_app.cgi)	

Авторландыру қажет болса, логин және құпиясөз	
Логин:	Құпиясөз:
*Күнделікті тізілімдерге арналған e-mail мекенжай	

* QIWI-ң әр төлем үшін ұсынатын сыйақы мөлшері, %-бен	
___%	
*Сәйкестендіргіштің дұрыстығын тексеруге арналған жүйелі мән	

Провайдердің X509 пішіміндегі серверлік сертификаты	

QIWI үшін PKCS12 пішіміндегі клиенттік сертификат (егер клиенттік сертификат бойынша авторландыру қажет болса)	

«*» таңбасымен белгіленген жолдарды міндетті түрде толтыру қажет

Б-қосымшасы: «Аяқтау кодтарының тізімі»

Жүйеден келіп түскен сұратымдарды өңдеу кезінде провайдер оның қосымшасында туындайтын барлық қателерді төменде келтірілген тізіммен салыстырып тексеруге және тиісті кодтарды <result> жүйесінде қайтаруға тиіс. Фатальдылық бағанындағы «+» таңбасы жүйенің осы қатені қалай түсіндіретінін көрсетеді.

Код	Түсіндірме	Фатальдылық
0	OK	
1	Уақытша қате. Сұратымды кейінірек қайталаңыз	
4	Абонент сәйкестендіргішінің пішімі дұрыс емес	+
5	Абоненттің сәйкестендіргіші табылған жоқ (Нөмірді қате тердіңіз)	+
7	Төлемді қабылдауға провайдер тыйым салған	+
8	Төлемді қабылдауға техникалық себептермен тыйым салынған	+
79	Абоненттің шоты іске қосылмаған	+
90	Төлемді жүргізу аяқталған жоқ	
241	Сома тым аз	+
242	Сома тым көп	+
243	Шоттың жай-күйін тексеру мүмкін емес	+
300	Провайдердің басқа қатесі	+

**Қызметтерді жеткізушімен жасалған
Төлем қызметтерін көрсету шартына № 2 Қосымша**

**Төлемді растау үшін Төлеушіге берілетін
құжаттар нысандарының үлгілері**

1. POS терминалдар беретін түбіртек.

***** QIWI <киви>***** Провайдер: _____. Нөмірі: 1234567890 Қабылданды: 100 Есепке алынады: 100 Комиссиясы: 0.00 Күні: 01.01.2001 10:10 Терминал: 9123456 Түбіртек: 1 Операция коды: 123456 ***** Есепке алу шарттарымен келісемін. Телефонды және соманы растаймын. Қолы _____ ***** ***** QIWI <киви>***** Қосымша ақпарат Төлем агентінің және/немсе қосалқы агенттің атауы ЖСН/БСН: 123456789012 Тех. қолдау: 87771234567 Провайдер: _____ Нөмірі: 1234567890 Қабылданды: 100 Есепке алынады: 100 Комиссиясы: 0.00 Күні: 01.01.2001 10:10 Терминал: 9123456 Түбіртек: 1 Операция коды: 123456 *****

2. Өзіне өзі қызмет көрсету автоматы беретін түбіртек

Қосымша ақпарат

Төлем агентінің және/немесе қосалқы агенттің атауы

ЖСН\БСН: 123456789012

Түбіртек: 0

Терминал: 9123456

Мекенжайы: Алматы қ., Абай даңғ., 1-үй

Күні: 01.01.2001 10:10:00

Жеткізуші: _____

Қабылданды: 200 тг.

Есепке алынды: 200 тг.

Комиссиясы: 0 тг.

Телефон/шот нөмірі: 1234567890

Операция коды: 1234567890

Ақша Сіздің дербес шотыңызға есепке алынғанға дейін чекті сақтаңыз.

Рақмет!

Қолдау қызметі: +77771234567

Қосымша ақпарат

**Қызметтерді жеткізушімен жасалған
Төлем қызметтерін көрсету шартына № 3 Қосымша**

ҮЛГІ

**Орындалған жұмыстарды (қызметтерді) салыстыру
АКТІСІ**

Алматы қ.

«__» _____ 20__ ж.

Біз, төменде қол қойған «Тапсырыс беруші»/ «Қызметтерді жеткізуші» _____ өкілдері және «Орындаушы» / «Төлем ұйымы» "QIWI Kazakhstan" (КИВИ Қазақстан) ЖШС атынан әрекет етуші Директоры _____ Төлем ұйымының _____ ж. ішінде _ № _ Төлем қызметтерін көрсету шартына сәйкес төмендегідей көлемде келісілген қызметтерді (жұмыстарды) орындағаны туралы осы актіні жасадық:

Орындалған жұмыстар	Сомасы "теңгемен"
Басындағы сальдо _____	
_____ ішінде қабылданған төлемдер	
_____ аударылған төлемдер	
_____ ішінде қайтарылған қате төлемдер	
_____ ішіндегі сыйақылар	
_____ ішіндегі Төленген сыйақы	
_____ ішіндегі абоненттік төлем	
Соңындағы сальдо _____	

Аталған қызметтер Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілді.

Осы есеп өзара есеп айырысуларды және өзара есепке алуларды жүргізуге негіз болып табылады.

Тараптардың бір-біріне наразылықтары, шағымдары жоқ.

ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

Қызметтерді қабылдады

Қызметтерді көрсетті

Тапсырыс берушінің атынан:

Орындаушының атынан:

ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТКІЗУШІ:	ТӨЛЕМ ҰЙЫМЫ:
Директор _____ МО	Директор _____ МО

**Қызметтерді жеткізушімен жасалған
Төлем қызметтерін көрсету шартына №4 Қосымша**

Төлемдерден бас тарту және оларды түзету тәртібі

Төлеушіден немесе Төлемдерді қабылдау орнының персоналынан Клиенттің телефон нөмірі, Клиенттің дербес шотының нөмірі, немесе Төлем сомасы туралы қате мәліметтері бар Төлем (бұдан әрі – «қате төлем») туралы мәлімдеме алған күннен кейінгі 5 (Бес) жұмыс күннің ішінде Төлем ұйымы Қызметтерді жеткізушіге _____ мекенжайы бойынша электрондық түрде төлемнен/төлемдерден бас тарту немесе оларды түзету туралы сұратымды келесі нысанда жібереді:

Кассирдің 2007 ж. 02 қыркүйектегі 495-123-45-67 нөміріне қате жүргізген (немесе төлеуші салған) 280 (екі жүз сексен) теңге сомасындағы төлемнің күшін жоюыңызды сұраймын.

Қате жүргізілген төлемді түзетуді сұраймын:

Төлем күні	Провайдер	Шот (телефон) нөмірі	Сома	Төлемнің ID	Расталған бас тарту (төлем сомасы)	Провайдерде бас тартудың есепке алыну күні
03.09.2006	Қызметтерді жеткізуші	9214682330	95,00	955228	95,00	04.09.2006

Қызметтерді жеткізуші Төлем ұйымына бас тартылған және/немесе түзетілген төлемдер туралы соңғысынан тиісті сұратымды алған сәттен кейінгі 3 (Үш) күннің ішінде kzotmena@qjwi.com мекенжайына электрондық хат жіберу, сондай-ақ Төлем ұйымының уәкілетті қызметкеріне кері жіберу арқылы хабарлайды.

Қызметтерді жеткізушіден жауап алғаннан кейінгі келесі жұмыс күннің ішінде Төлем ұйымы қате төлемнің күшін жояды және осы төлемнің сомасын персоналы оны жүргізу үшін жауапты қосалқы агенттің шотына одан әрі Төлеушіге өтеу үшін қайтарады.

Төлемнің күшін жою немесе түзету Төлем ұйымына Шарттың 3.10. т. сәйкес, қате төлем жүргізілген тәуліктің ішіндегі құрастырылған Қабылданған төлемдер тізіліміне өзгертулерді енгізу бойынша міндеттемелердің, сол сияқты аталған Тізілімді Қызметтерді жеткізушіге қайта жіберу бойынша міндеттемелердің жүктелуіне алып келмейді.

Әр айдың 03-ші күніне дейін Қызметтерді жеткізуші Төлем ұйымына kzotmena@qjwi.com электрондық поштасы бойынша Қызметтерді жеткізушінің өткен айдың ішінде жасаған қате төлемдерінің күшін жою туралы деректері бар күші жойылған төлемдердің жиынтық тізілімін жібереді. Күші жойылған төлемдер тізілімінде көрсетілген деректерді Төлем ұйымы Шарттың 3.13. т. сәйкес ай сайынғы Салыстыру актісін құру кезінде ескереді. Қызметтерді жеткізуші күші жойылған төлемдер тізілімінің қызметтерін көрсетілген мерзімнің ішінде ұсынбаған жағдайда Төлем ұйымы ай сайынғы Салыстыру актісін құру кезінде өз деректеріне сүйенеді. Бұл жағдайда қате төлемдердің күшін жоюмен байланысты өзгертулерді Төлем ұйымының актісіне енгізуді талап етуге Қызметтерді жеткізушінің құқығы жоқ.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТПЕ

Мәтін бойынша қолданылатын

ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАРДЫҢ

мағынасы төмендегідей болып табылады:

«Қолданылатын заңдар» Тараптар сақтауға тиіс барлық қолданылатын нормативтік-құқықтық актілерді, оған қоса, бірақ онымен шектелмей: **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы** 18.11.2015ж. № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңын, 31.10.2003ж. БҰҰ Конвенциясын (**Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы № 31-IV Заңы ратификацияланған**)), Тараптардың тіркелген жері немесе орналасқан елі бойынша қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы (юрисдикциялық шектеулерге қарамастан); және Тараптардың Шартқа және осы Қосымшаға сәйкес өз міндеттемелерін орындауына қолданылатын барлық басқа нормативтік-құқықтық актілерді білдіреді.

«Үлестес тұлғалар» деп тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді анықтау және (немесе) бір бірінің (тұлғалардың бірінің) қабылдайтын шешімдеріне, соның ішінде жасалған мәміленің себебінен ықпал тигізу мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар танылады.

«Мемлекеттік орган» мемлекеттік мекемені/ұйымды, департаментті, министрлікті немесе ведомствоны (оған қоса меншіктегі немесе мемлекеттің не жоғарыда көрсетілгендердің ішіндегі кез келген басқа ұйымның бақылауындағы кез келген заңды тұлғаны) білдіреді.

«Мемлекеттік қызметкер» мемлекеттік функцияларды жүзеге асырумен байланысты жұмысты орындайтын, мемлекеттік органда қызмет атқаратын тұлғаны білдіреді.

«Төлем ұйымы» - «QIWI Kazakhstan» (КИВИ Қазақстан) ЖШС.

1-бап.

1.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлер немесе делдалдар қандай да бір ақшалай қаражаттарды немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде, кез келген тұлғаларға, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлерге немесе солар үшін (тікелей немесе үшінші тұлға арқылы) қандай да бір заңсыз артықшылықтарды алу мақсатымен немесе басқа заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін сол тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне әсер ету үшін төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді, сондай-ақ:

- кез келген тұлғаның, соның ішінде мемлекеттік қызметкердің іс-әрекетіне немесе шешіміне сыбайлас жемқорлық мақсатымен әсер етуге;
- заңмен белгіленген міндетті бұзатын қандай да бір іс-әрекеттерді жасауға немесе жасамауға көндіруге;
- кез келген лайықсыз бәсекелі артықшылықты сақтауға; немесе
- кез келген тұлғаларды мемлекеттік ұйымдағы өз ықпалын мемлекеттік ұйымның осы Шартпен, Төлем ұйымының немесе оның үлестес тұлғаларының қызметімен байланысты іс-әрекетінен немесе шешіміне әсер ету мақсатымен пайдалануға көндіруге әрекет деп қаралуы мүмкін.

1.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлер немесе делдалдар осы Шарттың мақсаттары үшін қолдануға болатын заңнамада пара беру / алу, коммерциялық параға сатып алу деп бағаланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

1.3. Төлем ұйымы өзінің және қызметкерлерінің оның атынан әрекет ететінін, Төлем ұйымының Іскерлік этика және іскерлік мінез-құлық нормалары кодексінің www.qiwi.kz Интернет-сайтында орналастырылған мазмұнымен танысқанын мойындайды.

1.4. Тараптарда осы Баптың қандай да бір ережелерін ұзды немесе бұзуы мүмкін деген күмән туындаған жағдайда тиісті Тарап бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлауға міндеттенеді. Жазбаша хабарлама бірген соң тиісті Тараптың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын бұзушылықтың болмағанының немесе болмайтынының растамасын

алғанға дейін тоқтата тұруға құқығы бар. Бұл растама жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап он жұмыс күннің ішінде жіберілуге тиіс.

- 1.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагентті, оның үлестес тұлғаларын, қызметкерлерді немесе делдалдарды қолданыстағы заңнамада пара беру немесе алу, коммерциялық параға жығу деп бағаланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді білдіретін осы Баптың ережелерін бұзды немесе бұзуы мүмкін деп болжауға негіз беретін немесе оны анық растайтын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.
- 1.6. Тараптар екінші Тарапқа оның Шарттың осы бөлімінде көзделген міндеттемелерінің бұзылуына алып келуі мүмкін қандай да бір іс-әрекеттерді қабылдауға сұратым алған жағдайда дереу хабарлауға тиіс.
- 1.7. Тараптың Қолданыстағы заңдарға, Төлем ұйымының Іскерлік этика және іскерлік мінез-құлық нормаларының кодексіне сәйкес бұрын әрекет еткенін және әрекет ететінін растау үшін жасалған Шарттың аясында жүргізілуі мүмкін кез келген тергеуге немесе аудитке қатысты толық мөлшерде қолдау көрсетуге міндеттенеді. Сондай-ақ Тараптар толықтай өзараәрекеттесуге және сұратымдарға жауаптарды қисынды мерзімнің ішінде және адал ұсынуға, оған қоса тиісті құжаттарды олардың осы келісім бойынша ұсынылатын қызметтеріне қатысты көлемде көрсетілген тексерулерді немесе аудитті жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында дайындауға тиіс.
- 1.8. Тараптар жоғарыда көрсетілген ережелерге және келісімдерге (оған қоса екінші Тарапқа алдын ала хабарлаусыз мән-жайлардың кез келген өзгеруіне) сол Тарап үшін келеңсіз салдарға алып келуі мүмкін кез келген, тіпті ішінара сәйкессіздіктің осы баптың ережелерін елеулі бұзу деп қаралатынымен келісті және, сондықтан да зардап шеккен Тарап Шартты бір жақты соттан тыс тәртіппен, тіпті, оны орындау барысында да бұзуға немесе осындай сәйкессіздікті көрсететін мән-жайлардың немесе құқықтық процедураның қысқаша сипаттамасы қоса тіркелген тапсырыстық пошталық жіберілім арқылы төлеу бойынша барлық міндеттемелерді және Шарттың әрекетін дерек тоқтатуға құқылы болады.

2-бап.

- 2.1. Бір Тарап осы Ереженің 1-бабында тыйым салынған іс-әрекеттерді жасаудан қалыс қалу міндеттемелерін бұзған және/немесе екінші Тарап осы Қосымшада белгіленген мерзімнің ішінде бұзушылықтардың болмағанының немесе болмайтынының растамасын алмаған жағдайда (Қосымшаның 1 б. 1.4. т.) екінші Тарап Шартты бұзатыны туралы жазбаша хабарлама жіберіп, Шартты бір жақты соттан тыс тәртіппен толығымен бұзуға құқылы. Осы Шартты бұзуға бастамашылдық жасаған Тарап осы баптың ережелеріне сәйкес Шартты осындай бұзудың нәтижесінде туындаған нақты зиянды өтеуді талап етуге құқылы.

**Қызметтерді жеткізушімен жасалған Төлем қызметтерін көрсету шартына №7 Қосымша
Қызметтерді жеткізушімен жасалған Төлем қызметтерін көрсету шартына**

ҚОСЫЛУ ШАРТЫ № _____

Алматы қ.

«__» _____ 20__ ж.

Төлем ұйымдары тізілімінде 02-17-004 төлем қызметтерінің тіркеу нөмірімен тіркелген, бұдан әрі Төлем ұйымы деп аталатын **"QIWI Kazakhstan" (КИБИ Қазақстан) ЖШС** төлем ұйымының атынан Жарғының негізінде әрекет ететін директоры Абулгазиева Наталья Евгеньевна, бір жағынан, және бұдан әрі «Қызметтерді жеткізуші» деп аталатын ЖШС/ЖК атынан

_____ негізінде әрекет ететін _____, екінші жағынан, Қызметтерді жеткізушімен жасалған Төлем қызметтерін көрсету шартына төмендегілер туралы Қосылу шартын жасасты:

- а) Осы Шартта қолданылатын терминдер Қызметтерді жеткізушімен жасалған Төлем қызметтерін көрсету шартында (бұдан әрі – Төлем қызметтерін көрсету шарты) анықталған.
- б) Тараптар Төлем қызметтерін көрсету шартының, сондай-ақ оның барлық қосымшаларының талаптарын олар ешқандай бөлігін алып тастаусыз, өзгертусіз және келіспеушіліктер хаттамаларынсыз толығымен қабылдайтынымен келіседі.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Шарттың негізінде Қызметтерді жеткізуші Төлем қызметтерін көрсету шартына және оған барлық Қосымшаларға қосылады.

1.2. Бұдан әрі осы Шарттың мәтіні бойынша Төлем қызметтерін көрсету шарты терминіне Шарттың өзі де, оған барлық қосымшалар да кіргізіледі.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Қызметтерді жеткізуші осы талаптары Төлем ұйымымен анықталған және ресми сайтындағы «Бизнес» - «Провайдерлерге» - «Қалай провайдер болуға болады» бөлімінде жарияланған Төлем қызметтерін көрсету шартының талаптарына осы Қосылу шарты арқылы, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 389 б. сәйкес толығымен және ешқандай сөзсіз Төлем қызметтерін көрсетушартына қосылады және осы Шарт пен Төлем қызметтерін көрсету шартының талаптарын осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап және белгісіз мерзімге толық көлемде орындауға міндеттенеді.

2.2. Қызметтерді жеткізуші - «_____» маркасымен _____ қызметтерін көрсететін _____.

2.3. Төлем ұйымы өз есеп айырысу шотынан Қызметтерді жеткізушінің есеп айырысу шотына Төлеушілерден қабылдаған төлемдерді жүргізілген операциялар туралы есепке сәйкес, өз сыйақысының сомасын шегере отырып, _____ кешіктірмей аударуға міндетті. Төлем ұйымының Қызметтерді жеткізушінің алдындағы ақшалай міндеттемесі ақша Қызметтерді жеткізушінің банк шотына түскенсәттен бастап орындалған болып саналады.

2.4. Қабылданған төлемдер тізілімін, Орындалған жұмыстарды (қызметтерді) салыстыру актісін, Орындалған жұмыстар актісін жіберуге Қызметтер жеткізушісінің электрондық пошта адресі - _____ . Төлем қызметтерін көрсету туралы шартқа №4 Қосымшаға сәйкес Төлемдерді жоюға және қайтаруға электрондық пошта адресі - _____.

2.5. Төлем ұйымы осы Шартты орындауға үшінші тұлғаларды (төлем агенттерін және/немесе қосалқы агенттерді), онымен қоса оларды Қызметтерді жеткізушінің алдындағы іс-әрекеттері үшін жауапты бола отырып, тартуға құқылы. Төлем агенттері және/немесе қосалқы агенттер әр қабылданған төлемнен Төлеушіден _____ мөлшерінде Төлемнен комиссия алуға құқылы.

2.6. Төлем ұйымының төлемдерді қабылдау үшін сыйақы мөлшерлемесі қосылған құн салығын қоса алғанда, Төлем сомасынан проценттік қатынаста белгіленеді. Мөлшерлеме көлемі ҚҚС қоса алғанда _____% құрайды.

2.7. Қызметтерді жеткізушінің осы Шартқа қол қоюы оның осы Шарттың және Төлем қызметтерін көрсету шартының талаптарымен танысқанын, оған барлық талаптардың толықтай түсінікті болыптабылатынын, және оның осы Шарт және Төлем қызметтерін көрсету шарты бойынша міндеттемелерді толық көлемде сөзсіз өзіне алатынын білдіреді. Осы Шартқа қол қойғаннан кейін Қызметтерді жеткізуші өзінің осы Шарттың және Төлем қызметтерін көрсету шартының ережелерімен танысқанына немесе Төлем қызметтерін көрсету шартының кейбір бөліктерінің оған түсініксіз болып табылатынына сілтеме жасай алмайды.

2.8. Төлем ұйымы және Қызметтерді жеткізуші осы Шартқа қол қойғаннан кейін Төлем қызметтерін көрсету шарты бойынша міндеттемелерді орындаумен байланысты барлық заңдық іс-әрекеттерді мойындайды.

3. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Осы Шарт 2021ж. «__»_____бастап күшіне енеді және Төлем қызметтерін көрсету шартының қолданылу мерзімінің соңына дейін әрекет етеді.

3.2. Осы Шарт Талаптардың келісуі бойынша, сондай-ақ болжалды Шартты бұзу күніне дейінгі 30 күнтізбелік күн бұрын алдын ала жазбаша түрде хабарлай отырып, бір жақты соттан тыс тәртіппен бұзылуы мүмкін. Осы Шарт бұзылған жағдайда оны бұзғанға дейін туындаған барлық міндеттемелер толық көлемде және Қызметтерді көрсету шартының талаптарына сәйкес орындалуға тиіс. Содан кейін Төлем қызметтерін көрсету шарты осы Шартта көрсетілген Тараптар үшін өз әрекетін тоқтатады.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Қолданыстағы заңнамасына және Төлем қызметтерін көрсету шартының талаптарына сәйкес жауапкершілік көтереді.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Төлем қызметтерін көрсету шартының талаптарын өзгерту тәртібі Төлем қызметтерін көрсету шартының «Басқа шарттар» 11-бөлімінде анықталған.

5.2. Дауларды шешу тәртібі Төлем қызметтерін көрсету шартының «Дауларды шешу тәртібі» 10-бөлімінде анықталған.

5.3. Қабылданған Төлемдерді аудару мерзімін, Төлем ұйымының сыйақы мөлшерлемесін, осы Шарттың 2.5-тармағына сәйкес алынатын комиссияның мөлшерін өзгерту, қызметтер түрін өзгерту/толықтыру, Тараптардың атауларын, ұйымдық-құқықты нысанын өзгерту осы Шартқа қосымша келісіммен бекітіледі.

5.4. Осы Шарт әр Тарап үшін бір данадан, заңды күші бірдей екі ұқсас данада орыс тілінде жасалған. Осы Шартқа қосымша: «Қосуға өтінім».

6. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ ЖӘНЕ БАНКТІК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Төлем ұйымы:

"QIWI Kazakhstan" (КИВИ Қазақстан) ЖШС
050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Панфилов көш., 212-үй
БСН: 060640010247
ЖСК: KZ876017131000026063
Банк: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БСК: HSBKZKX
Тел.: +7 (727) 356-12-12
E-mail: info@qiwi.kz

Директор

_____/Абулгазиева Н.Е.
(М.О.)

Қызметтерді жеткізуші:

_____/_____
(М.О.)